

**Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Театр өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының докторанты Нұрсұлтан Еліктің 6D041600 – Өнертану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған «Қазақ театрындағы шетел драматургиясын интерпретациялау мәселесі (1991-2015)» атты диссертациясына**

## **ПІКІР**

Е.Нұрсұлтан тәуелсіздік жылдары қойылған шетел драматургиясының интерпретациясын бүгінгі күннің көзқарас тұрғысынан зерттеп, сараптай білген. Зерттеу жұмысында тек режиссурадағы интерпретациялармен, жаңаша тенденцияларды талдаумен шектелмей, әрбір қойылымның формалық ерекшеліктеріне, актер шеберлігінің деңгейіне, жетістіктері мен кемшіліктеріне сын-пікір беріп отырған. Осы тұрғыдан келгенде Е.Нұрсұлтанның ғылыми-зерттеу жұмысының маңызы артқан.

Жұмыста қазақ театры тарихында өзіндік қолтаңба мен ізденіс іздерін қалдырған Ә. Мәмбетов, Е. Обаев, Б.Атабаев, Ә.Рахимов, Т. Жаманқұлов, Қ.Сүгірбеков, Н. Жұманязов, Б. Ұзақов т.б. аға буын режиссерлерімен қатар еліміздің жас сахнагерлері А.Қабдешованың, Б. Абдрахмановтың, Д.Жұмабаеваның, Ж.Жұманбайдың, т.б. шетел драматургиясын игерудегі қолтаңбалары айқындалып, меңгеру жолындағы ізденістері қарастырылып, кезеңдік қойылымдары, оның пластикалық шешімі, күрделі актерлік жетістіктері, әсіресе режиссурадағы интерпретациялау тәсілдері тың шешімдері көрсетілген. Орыс драматургиясы мен қырғыздың халық жазушысы Шыңғыс Айтматов прозасының философиялық өрісі қазақ театры үшін жаңа белеске көтеріліп, тың режиссерлік шешімдермен сахнада қойылуын театр өнерінің көркем-этикалық, эстетикалық, танымдық деңгейіне әсер ететіні айқындалған.

Ұлттық театр репертуарынан үлкен орын алатын шетел драматургиясы бойынша қойылған спектакльдерді театртанушылық тұрғысынан қарастырған зерттеудің негізделуі мен дәйектілігі жеткілікті. Диссертацияның әрбір нәтижесі, ғылыми тұжырымдары, қорытындылары отандық және шетелдік театртанушылардың еңбектеріне теориялық, әдістемелік тұрғыдан негізделген. Осыған орай театртанушылық талдау мен тарихи-хронологиялық, тарихи-салыстырмалы әдістер қолданылған. Сондай-ақ, тәуелсіздік кезіндегі аударма шығармалар бойынша сахнаға шыққан туындыларға қатысты материалдарды жинақтау, сұрыптау мен дәйектеуге негізделген.

Кіріспеден, екі тараудан, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттерден тұратын диссертациялық жұмыстың ішкі бірлігі бар. Жұмыстың екі негізгі бөлімі нақты, тақырыпқа сәйкес мазмұны жағынан бір-бірімен байланысты қарастырылған. Нәтижесінде арасындағы ішкі

мағыналық байланыстары сақталған, бірінен-бірі туындап отыратын тұжырымдар жеке бөлімдердің жалпы мазмұнының негізінде сабақтаса жасалған.

Диссертация нәтижесі сегіз ғылыми жарияланымда, халықаралық конференциялар материалдарында және бірнеше мақаласы ҚР БҒМ білім және ғылым саласындағы Бақылау комитеті ұсынған журналдарда жарияланған.

Докторант Е.Нұрсұлтанның «Қазақ театрындағы шетел драматургиясын интерпретациялау мәселесі (1991-2015)» атты диссертациясы ресми бекітілген талаптарға сай орындалған зерттеу және Елік Нұрсұлтан 6D041600 – Өнертану мамандығы бойынша PhD докторы ғылыми дәрежесін алуға лайық деп білеміз.

**Әл-Фараби атындағы Қазақ  
Ұлттық Университеті  
Философия және саясаттану  
факультеті  
Дінтану және мәдениеттану  
кафедрасының философия  
ғылымдарының докторы,  
профессор**



**Габитов Т.Х.**

**tgabito1947@gmail.com**